

**УДК 378  
ББК 74.58  
S81**

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке  
Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке  
Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования*

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

**УДК 378  
ББК 74.58  
S81**

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды факторы салық жүйесі болып табылады.

Қазіргі таңда экономикалық процестердің негізгі түрі ретінде салық жүйесін атап көрсетуге болады. Салық жүйесі дегеніміз- мемлекетте алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, олардың құру мен алушын әдістері мен нысандары, принциптерінің, салыққа қатысты нормативті актілер мен салық заңдары, салық қызметі органдарының жиынтығы[1].

Экономикалық тұрғыдан салық жүйесі мемлекеттің, муниципалды құрылымдардың және аймақтардың қызметін қаржылай қамтамасыз етуге байланысты мемлекет пен салық төлеушілер арасындағы, сондай-ақ оған тікелей қатысушы заңды және жеке тұлғалар арасындағы күрделі өзара байланысты әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығын құрайды.

Салық жүйесіне қажетті негізгі талаптар мыналар:

Салық құрамы дәл анықталуы қажет, яғни ол үшін салық заңдылығында мемлекетте алынатын салықтардың толық тізімі жазылуы керек;

Салық жүйесі салық төлеушілер үшін салықтан жалтару тиімсіз әрі қиын болатындей етіп жасалуы тиіс;

Салық жүйесінің қарапайымдылығы. Бұл талап салықтың дұрыс төленуін бақылау үшін жүзеге асыруда маңызды;

Салық жүйесі салық төлеушінің өз қарожатын өндіріске салуына ықпал етуі керек. Салық жүйесі арқылы кез-келген нәрсені реттеуге болады.

Жалпы алғанда, салық жүйесі мемлекеттің қаржы көздерін жасақтаудың ең негізгі құралы, мемлекет экономикасын қайта құруға, өндірістің дамуына және саяси-әлеуметтік шаралардың толығымен жүзеге асуына мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесіне келетін болсақ, еліміздің салық жүйесі-егемендікке ие болғаннан кейін, яғни 1991-1995 жылдары қабылданған бірқатар заңдардың негізінде қабылданды. 1991 жылдың 25 желтоқсанынан бастап біздің елімізде салық жүйесі жұмыс істей бастады. Еліміздің салық жүйесі «Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы» заңға негізделеді. Қазіргі таңда, Республикада салық заңдарының барлық негізгі кемшіліктері ескеріліп, жетілдірілген жаңа салық кодексі дайындалды.

Мемлекеттегі қолданылып жүрген салықтардың жиынтығы, салықтың қызмет органдарының жүйесі және

салықтық заңнама мемлекеттің салықтық жүйесін құрайды. Салықтардың және бүтіндей салықтық жүйенің тиімділігіне қол жеткізу мемлекеттің экономикалық дамуы мен өркендеуінің сенімді арқауы болып табылады [2].

Еліміздің азаматтарынан және шаруашылық субъектілерінен жиналатын салықтар мен басқа да міндепті төлемдер мемлекеттің қаржылық қуатының басты тірігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында: «Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндепті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндепті болып табылады», - деп жазылған [3]. Қазақстанның салық жүйесі оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірыңғай болып табылады.

Салықтар мемлекеттің өмір сүруінің негізі болып саналады. Мемлекетті қамтамасыз етіп, ұстап тұру үшін, халықтың натуралдық формада немесе ақшалай тұрақты түрде төлейтін жарналары қажет болады. Салықтың әдістері мен нысандары мемлекеттің сұраныстары мен қажеттеріне қарай бейімделіп, өзгерістерге ұшырап отырады.

Мемлекетке түсетін салық түсімдерінің сипатты ерекшелігі олардың әр түрлі қоғамдық қажеттіліктерінің кейін иесіз пайдаланылуы болып табылады [4].

Қазақстан Республикасында салық жүйесінің анықтылық қағидаты қолданылады, яғни салықтың мөлшері мен оны төлеу мерзімі алдын-ала және дәл анықталуы керек.

Салық жүйесі көптеген факторларға әсерін тигізді. Мысалы: бюджет тапшылығына, әлеуметтік жағдайларға, әлемдік сауда жүйесіне және дағдарысқа.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының экономикасында қаржы дағдарысы басталды, дағдарыс салық жүйесімен тікелей байланысты болып табылады. Бұл дағдарыстан шығу үшін, өндірістің құлдырауын болдырымау керек, ал ол үшін экономиканың нақты секторларын дамыту қажет. Дағдарыс жұмыссыздық пен бюджет тапшылығына алып келеді.

Ал, әлеуметтік жағдайларға келетін болсақ, елде дисконттық жүйені енгізуі ұсынуға болады. Дисконттық жүйе бұл- дисконтқа негізделген тауар өндірушілермен тұтынушылар арасындағы экономикалық арақатынастар жынытығы. Дисконттық жүйе шағын және ірі бизнес өкілдерін қорғаудың сенімді әрі тиімді жүйесі. Салық бойынша дисконт-тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілер үшін мотивация құралы, белсендіру және өндірісті жоғарылату құралы, ресурс пен капиталды тез өндеуші ретінде қолданылуы мүмкін [5].

Әлемдік сауданы тарифтік реттеу үшін де салық жүйесі қолданылады. Бұған мемлекеттің экспорты мен импорты тәуелді болып табылады. Яғни экспортқа әсері сырттан әкелінетін тауарлардың бағасының жоғары болуы, ал бұл тауарға сұраныс жоғары болып немесе мемлекет оған тәуелді болса, ол мемлекет жағдайына, халық жағдайына әсер етеді; ал, импортқа әсері: отандық тауарларды сыртқа шығару тиімсіз болып, ол елдің экономикасына тікелей әсер етеді.

Кедендей салықтар туралы айтатын болсақ, Қазақстан Республикасында қолданылатын кедендей төлемдер:

- 1) кедендей баж;
- 2) кедендей алымдар;
- 3) алымдар;
- 4) алдың ала шешім үшін төлемақы.

Бұл факторлар салық жүйесіне тікелей әсер етеді.

Шет елдердің салық жүйесін Қазақстан Республикасының салық жүйесімен салыстыратын болсақ, мысалы Германияның салық жүйесі халықта тиімді болып табылады. Германияда әлеуметтік экономика болғандықтан, салық төлеу де соған бағытталған, яғни салықтар класстарға бөлінген:

Бірінші салықтық класс (steyerklasse) бұл классты отбасы мен балалары жоқ адамдар құрайды. Бұл класстың иелері үшін салық жоғары болып табылады.

Екінші класс (steyerklasse II) бұған балалары бар, бірақ ата-анасының біреуі жоқ адамдар тобы жатады.

Үшінші класс (steyerklasse III) бұл топқа отбасы барлар жатады [6].

Мениң ойымша, бұл өте ыңғайлы, өйткені бұл жүйеде еңбекақы мөлшері, отбасы жағдайы, т.б. ескеріліп халықтың әл-ауқаты жақсы деңгейде болуын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, салық жүйесі- әр мемлекет үшін маңызды рөл атқарады. Экономиканың барлық саласында қолданылып, мемлекеттің, халықтың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Салық жүйесі- мемлекетте алынатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер, олардың құру мен алушын әдістері мен нысандары, принциптерінің, салыққа қатысты нормативті актілер мен салық заңдары, салық қызметі органдарының жынытығы. Мениң ойымша, салықсыз мемлекеттің өмір сүруі мүмкін емес.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. <http://group-global.org/kk/publication/4438-kazakstan-respublikasynyn-salyk-zhuyesi-kalyptasuy-men-damu-kezenderi>
2. [http://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан\\_Республикасының\\_салық\\_жүйесі](http://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_Республикасының_салық_жүйесі)
3. <http://www.akorda.kz/ru/category/konstituciya>
4. Ақтөбе газеті. (Бюджет. Салық. Кәсіпкерлік)
5. Евразийская дисконтная компания «Құндызыңай» (Дисконтная система-социально-экономическая эволюция, с. 32-35).
6. <http://www.tupa-germania.ru>